

Жария сервитутты белгілеу туралы

Қарағанды облысы Ақтоғай ауданының әкімдігінің 2025 жылғы 26 ақпандағы № 11/02 қаулысы

Қазақстан Республикасының Жер кодексіне, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Ақтоғай ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес "КазГеоЭксплорейшен" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне пайдалы қазбаларды барлау үшін, жалпы көлемі 2273,6307 гектар жер учаскесін меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алып қоймай, 2030 жылдың 09 шілдеге дейін жария сервитут белгіленсін.

2. Осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес "КазГеоЭксплорейшен" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне пайдалы қазбаларды барлау үшін, жалпы көлемі 3444,9336 гектар жер учаскесін меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алып қоймай, 2030 жылдың 09 шілдеге дейін жария сервитут белгіленсін.

3. Осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес "КазГеоЭксплорейшен" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне пайдалы қазбаларды барлау үшін, жалпы көлемі 8736,5223 гектар жер учаскесін меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алып қоймай, 2030 жылдың 09 шілдеге дейін жария сервитут белгіленсін.

4. Осы қаулының 4-қосымшасына сәйкес "КазГеоЭксплорейшен" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне пайдалы қазбаларды барлау үшін, жалпы көлемі 7922,7474 гектар жер учаскесін меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алып қоймай, 2030 жылдың 24 ақпанға дейін жария сервитут белгіленсін.

5. Осы қаулының 5-қосымшасына сәйкес "КазГеоЭксплорейшен" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне пайдалы қазбаларды барлау үшін, жалпы көлемі 11321,0355 гектар жер учаскесін меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алып қоймай, 2030 жылдың 30 қаңтарға дейін жария сервитут белгіленсін.

6. "КазГеоЭксплорейшен" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша) жер пайдаланушыларға және жер учаскесінің иелеріне толық көлемде шығындарын өтеуді қамтамасыз етсін, шығын көлемі және олардың өтемақысы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тараптардың келісімдері бойынша белгіленсін.

7. "Ақтоғай ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

8. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтоғай ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

9. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А.Аманжолов

Ақтоғай ауданы әкімдігінің
2025 жылғы 26 ақпандағы
№ 11/02 қаулысына 1-қосымша

"КазГеоЭксплорейшен" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне жария сервитут белгіленетін жер учаскелерінің тізбесі

р/с №	Ж е р пайдаланушылардың (меншік иелерінің) атауы	Кадастрлық нөмірі	Жария сервитут белгілеудің жалпы алаңы, гектар
1	Айыртас ауылдық округінің жерлері		2273,6307

Ақтоғай ауданы әкімдігінің
2025 жылғы 26 ақпандағы
№ 11/02 қаулысына 2-қосымша

"КазГеоЭксплорейшен" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне жария сервитут белгіленетін жер учаскелерінің тізбесі

р/с №	Ж е р пайдаланушылардың (меншік иелерінің) атауы	Кадастрлық нөмірі	Жария сервитут белгілеудің жалпы алаңы, гектар
1	Ақтоғай ауданының жер қоры		3444,9336

Ақтоғай ауданы әкімдігінің
2025 жылғы 26 ақпандағы
№ 11/02 қаулысына 3-қосымша

"КазГеоЭксплорейшен" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне жария сервитут белгіленетін жер учаскелерінің тізбесі

р/с №	Ж е р пайдаланушылардың (меншік иелерінің) атауы	Кадастрлық нөмірі	Жария сервитут белгілеудің жалпы алаңы, гектар
1	Айыртас ауылдық округінің жерлері		8736,5223

Ақтоғай ауданы әкімдігінің
2025 жылғы 26 ақпандағы
№ 11/02 қаулысына 4-қосымша

"КазГеоЭксплорейшен" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне жария сервитут белгіленетін жер учаскелерінің тізбесі

р/с №	Ж е р пайдаланушылардың (меншік иелерінің) атауы	Кадастрлық нөмірі	Жария сервитут белгілеудің жалпы алаңы, гектар

1	Ақтоғай ауданының жер қоры	7922,7474
---	----------------------------	-----------

Ақтоғай ауданы әкімдігінің
2025 жылғы 26 ақпандағы
№ 11/02 қаулысына 5-қосымша

"КазГеоЭксплорейшен" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне жария сервитут белгіленетін жер учаскелерінің тізбесі

р/с №	Ж е р пайдаланушылардың (меншік иелерінің) атауы	Кадастрлық нөмірі	Жария сервитут белгілеудің жалпы алаңы, гектар
1	Тасарал ауылдық округінің жерлері		4851,34
2	Ақтоғай ауданының жер қоры		6469,6955

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК